

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға
арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2025-2026 оқу жылының №2 педагогикалық кеңесі**

**Тақырыбы : «Мектептің инновациялық даму бағыты: Жобалық тәсіл арқылы білім
алушылардың білімге құштарлығын арттыру және тұлға ретінде қалыптастыру»**

Күн тәртібі:

1. Тамыз айының педагогикалық кеңесінде қабылданған шешімнің орындалуы.

Мектеп директоры: А.Курмашева

2. I тоқсандағы оқушылар қозғалысы, оқушылар үлгерімі мен білім сапасының
сараптамалық талдауы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова

3. 9 – 11 сынып білім алушыларының қорытынды аттестаттауы.

11 – сынып «Алтын белгі», «Үздік аттестат», 9 – сынып «Үздік» аттестатқа үміткер
оқушыларды анықтау.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: К.Мухаметжанова

4. **Негізгі баяндама** «Жобалық тәсілдің теориялық негіздері мен тәжірибелік нәтижелері»
мектепте жүзеге асырылып жатқан жобалардың мақсат-міндеттері, әдістері.

4.1. Жоба жетекшілерін анықтау, жұмысты жандандыру.

4.2. Жыл соңында «Жобалар панорамасы» жоба-презентациялары шеруін бекіту.

4.3. «Кейс-талдау» — нақты бір жобаның табысты нәтижесі немесе қиындықтары
бойынша пікірталас.

4.4. Цифрлық сауаттылық пен технологиялық құзыреттілікті дамыту «Digital Skills Lab»
заманауи бағыттағы жаңа жоба.

Мектеп директоры: А.Курмашева

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Болатов Б.Ж.

5. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының талаптарын
сақталуы туралы.

Мектеп директоры: А.Курмашева

6. I тоқсан бойынша оқушылардың байқаулар мен олимпиадалардағы нәтижелері

Директордың бейінді жөніндегі орынбасары: Б.Торсунова

7. «Ата - ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, балалар
қауіпсіздігін қамтамасыз ету»

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: М.Кайржанова

Интернат менгерушісі: Сатынсин Д.Т.

8. Мектептің педагогикалық психологиялық қызметі (оқушылардың бейімделуі мен тест
нәтижелері)

Мектеп психологы: Рысмагамбетова А.М.

1. №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша келесі тоқсанда төмендегідей жұмыстар орындалуы тапсырылды:

1. 2025-2026 оқу жылының басталуы туралы бұйрықтың жүзеге асырылуы қадағалансын.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен ЖИ қолданудың этикасы сақтала отырып, әр пәнге кіріктірілсін.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған :
 1. Оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспары бекітілсін;
 2. Мектептің білім алушылар тізімдік құрамы бекітілсін;
 3. Педагогтердің оқу жүктемесін бекітілсін;
 4. Оқу жылына арналған сабақ кестесі, қоңырау кестесін бекітілсін;
 5. Оқу пәндері, тандау пәндері, элективті, жеке және топтық жұмыстар курстары бойынша күнтізбелік - тақырыптық жоспарларды, үйірмелердің жұмыс жоспарларын бекітілсін;
 6. Педагогикалық кеңестің құрамы, жұмыс жоспарын бекітілсін;
 7. Әдістемелік кеңес құрамын, жылдық жоспарын бекітілсін;
 8. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекітілсін;
 9. Педагогтердің біліктілігін арттырудың, педагогтерді аттестаттаудың перспективалық жоспарлары бекітілсін.
 10. Мектептің даму жоспарындағы жобалар жұмысын жалғастырып, жаңа жобалар жүзеге асырылсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, санитарлық нормалар қатаң сақталсын. Аталған тізімге сәйкес №1 педагогикалық кеңестің қаулысы орындалды.

2. I тоқсандағы оқушылар қозғалысы, оқушылар үлгерімі мен білім сапасының сараптамалық талдауы кестемен төмендегідей көрсетілді:

Оқушылар қозғалысы I тоқсан

№ р/с	сынып	1 тоқсан басында	келгендер саны	кеткендер саны	тоқсан соңына
1	7 А	17	0	0	17
2	7 Ә	17	0	0	17
3	8 А	18	0	0	18
4	8 Ә	17	3	2	18
5	8 Б	17	0	0	17
6	9 А	16	0	0	16
7	9 Ә	16	0	0	16
8	9 Б	18	0	0	18
9	10 А	15	8	4	19
10	10 Ә	19	0	1	18
11	11 А	17	0	0	17
12	11 Ә	18	0	0	18
	Барлығы	205	11	7	209

2025–2026 оқу жылын 12 сынып комплектіне 212 оқушы бастады, қыркүйек айында 3 оқушы кетті, келген оқушы жоқ, 1 тоқсанды 209 оқушы аяқтады.

I тоқсанында оқу процесі оқу жоспары мен бағдарламаларға сәйкес жүргізілді. Оқу сапасы мен үлгерім көрсеткіштері тұрақты бақылауда болып, тоқсан соңында әр сынып бойынша білім сапасы анықталды. Тоқсан бойынша 4 оқушы уақытша аттестатталмады, Оқу жаттығу жиындарында болған Әзірет Кәусар 10 «Ә», Әзірет Али 8 «Ә», денсаулығына байланысты Хұрметұлы Саят (8 «Ә»), Сәрген Айғаным 11 «Ә».

Үздік оқушылар 30, екпінді – 117, бір «3» тоқсанды аяқтаған оқушылар -23, оның ішінде ағылшын тілі -5, алгебра-5, биология- 10, қазақ тілі-1, орыс тілі мен әдебиет -1, қазақ әдебиеті-1) , бір «4» -5 (тарих-1, орыс тілі мен әдебиет -2, ағылшын тілі -2). Таблица

Мектеп бойынша жалпы білім сапасының орташа көрсеткіші мектеп бойынша 74,7%, пәндер бойынша білім сапасы 91,2 % құрады.

Сыныптар бойынша білім сапасы

Сынып	Сыныптың білім сапасы %	Пәндер бойынша орташа білім сапасы %
7 «А»	58,8	79,4
7 «Ә»	70,6	92,6
8 «А»	77,8	96,6
8 «Ә»	94,4	85
8 «Б»	70,6	94,8
9 «А»	81,3	96,4
9 «Ә»	75,0	90,7
9 «Б»	38,9	74,3
10 «А»	68,4	92,5
10 «Ә»	88,9	99
11 «А»	100	100
11 «Ә»	72,2	93
Мектеп бойынша	74,7	91,2

I-тоқсан қорытындысы бойынша ең жоғары білім сапасын көрсеткен сыныптар — 11 «А» (100%), 8 «Ә» (94,4%), 10 «Ә» (88,9%) және 9 «А» (81,3%) сыныптары. Білім сапасы төмен деңгейде болған — 9 «Б» сыныбы (38,9%) және 7 «А» сыныбы (58,8%).

пән атауы	оқушылар саны	Үздік "5"	Жаксы "4"	Қанағат."3"	Орташа балл	Білім сапасы %
Қазақ тілі	175	56	109	6	4,29	96,5
Қазақ әдебиеті	209	66	131	8	4,28	95,6
Абайтану	73	24	45	0	4,35	100
Орыс тілі мен әдебиет	209	65	125	15	4,24	92,6

Ағылшын тілі	209	53	120	32	4,1	83,9
Қазақстан тарихы	124	31	84	5	4,21	95,8
Алгебра	209	70	108	27	4,21	83
Геометрия	36	19	14	1	4,53	97
Физика	159	51	89	15	3,81	81,9
Химия	159	45	97	13	4,21	91,6
Биология	159	35	94	26	4,06	83,2
Информатика	109	66	36	2	4,61	98
География	72	20	49	1	4,27	98,6
		601	1101	151	4,24	92,1

Пәндер бойынша жоғары көрсеткіштер: Абайтану (100%), Қазақ тілі (96,5%), қазақ әдебиеті (95,6%), Қазақстан тарихы (95,8%) пәндерінде. Ал, жаратылыстану пәндері бойынша білім сапасы төмендеу. Алгебра және алгебра анализ бастамалары, физика, биология және ағылшын тілі пәндерінен орташа 82–84% деңгейінде.

Орта буындағы кейбір сыныптарда білім сапасының айырмашылығы жоғары, мысалы 8 «Ә» (94,4%) мен 9 «Б» (38,9 %) сынып арасында айырмашылығы 55,5% құрайды. Пәндер бойынша білім сапасы 9 «Б» (74,3% және 7 «А» (79,4%) сыныптарында төмен.

Білім сапасын арттыру бағытында сараланған жұмыс жалғасады.

Ұсыныс: Білім сапасы төмен оқушылармен және сыныптармен үй тапсырмасын орындау және өзіндік дайындалу жұмысын бақылауға алу. Пән мұғалімдеріне саралап оқыту мен жеке қолдау тәсілдерін күшейту; Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне ата-аналармен жүйелі кері байланыс орнату.

3. Негізгі орта білім беру курсы аяқтаған кезде Үздік аттестат алуға үміткер 9 сынып оқушыларының құжаттарын ресімдеу және талдау бойынша талдамалық анықтама

9-сыныптардың сынып жетекшілерінің мәліметтері бойынша үздік аттестатқа үміткерлер (9 Ә сыныбынан -5, 9 Б -3):

1. Ережепов Санжар
2. Жүнісова Аружан
3. Маратова Жансая
4. Рахман Айтолқын
5. Темеш Мирас
6. Бекетова Аделя
7. Карпыкова Айлин
8. Дотей Айым

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 48-тармағының талаптарына сәйкес 5-9 (10) сыныптар аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша «5» жылдық және қорытынды бағалары бар 9-сынып оқушыларына №39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріле 5-8

сынып оқушыларының табельдерін талдау көрсеткендей, 5-8 сынып оқушыларының барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5», яғни талаптарға сәйкес келеді.

Ескерту, Маратова Жансаяда 7-сыныпта қазақ тілі, Орыс тілі мен әдебиеті, биология пәндері бойынша бірінші және екінші тоқсандарда «4» болғанын ескерген жөн. Дотей Айымда 7-сыныпта Қазақ тілі, Орыс тілі мен әдебиеті, биология, алгебра, әлем тарихы пәндерінен 1-3 тоқсанда «4» болды. 8-сыныпта-қазақ тілі, Орыс тілі және әдебиеті, биология, Алгебра, Геометрия, Информатика, физика, химия, ағылшын тілі бойынша «4» болды.

Жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден «5» болған және 10-11 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары «5» болған 11 сынып білім алушыларына жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

№125 бұйрықтың 52-тармағының талаптарына сәйкес, негізгі орта білім туралы үздік аттестат алған, 5 - 11 сыныптарда білім алған кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5», 10-11-сыныптар аралығында білім алу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары «5» болған, қорытынды аттестаттаудан «5» бағасына өткен 11 сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты беріледі.

Үлгерім табельдері мен аттестаттарды зерделеу көрсеткендей, Алдықова Айна, Аманжол Аяжан, Жақсылық Даяна, Құлшымбек Қарлығаш, Сәркен Айғанымның 9 сыныпта үздік аттестаттары бар, 10-сыныпта барлық пәндер бойынша тоқсандық, жылдық және қорытынды бағалары «5», «Алтын белгіге» үміткер бола алады.

«Алтын белгіге» үміткерлер:

1. Алдықова Айна
2. Аманжол Аяжан
3. Жақсылық Даяна
4. Құлшымбек Қарлығаш
5. Саркен Айғаным

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 49-тармағының талаптарына сәйкес енгізуге жататын пәндер бойынша «5» бағалары бар 11-сынып оқушыларына жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға 10-11 сыныптар аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалар «5», № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

1-10-сыныпқа дейінгі оқушылардың үлгерім табельдерін және 9-сынып аттестатты талдау нәтижесінде Сейсен Алима және Қабақбай Томириса аттестаттарының әдеттегі екені, 10-сыныпта барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалар «5» екенін көрсетті, сондай-ақ Сейсен Алиманың 7-сыныпта Қазақстан тарихы, Дүниежүзілік тарих және биология пәндері бойынша жылдық бағалары «4», сондықтан «Алтын белгіге» үміткерлер бола алмайды, ал «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және

қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 49-тармағының талаптарына сәйкес енгізуге жататын пәндер бойынша «5» бағалары бар 11-сынып оқушыларына жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға 10-11 сыныптар аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалар «5», № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 49-тармағының талаптарына сәйкес енгізуге жататын пәндер бойынша «5» бағалары бар 11-сынып оқушыларына жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға 10-11 сыныптар аралығындағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалар «5», № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі.

11-сыныпта барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалар «5» болған жағдайда, «Үздік аттестатқа» ұсынуға келесі оқушылар үміткерлер тізіміне ұсынылады:

Сейсен Алима

Қабакбай Томирис

Амангельды Мерей

Жоғарыда айтылғандардың негізінде одан әрі үздік аттестатқа және «Алтын белгіге» үміткерлерді іріктеу ұсынылды:

1. 11-сыныптардың сынып жетекшілері барлық пәндер бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қоюдың объективтілігі мен дұрыстығы мақсатында сынып журналдарын тексереді.

2. 7-сыныптан бастап баға мен білім сапасына тұрақты мониторинг жүргізе отырып, Алтын белгіге және Үздік аттестатқа үміткер оқушылардың академиялық үлгеріміне алдын ала бақылауды күшейту.

3. Ата-аналармен және оқушылармен «Алтын белгі» белгісін алу критерийлері (академиялық үлгерімін, тәртібін, олимпиадаларға қатысуын және т.б. қоса алғанда) туралы қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

4. Құжаттармен бірге келетін сипаттамалардың сапасына назар аудару: олар толық, объективті және белгіленген талаптарға сай болуы керек.

5. Сынып жетекшілері әдістемелік оқу жылы бойы кандидаттарды сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

6. Сәйкессіздіктерді болдырмау үшін педагогтер мен оқушылардың назарына «Алтын белгі» белгісін беруді реттейтін нормативтік құжаттарды үнемі жаңартып отыру және жеткізу.

«Жобалық тәсіл арқылы білім алушылардың білімге құштарлығын арттыру және тұлға ретінде қалыптастыру»

Мақсаты:

- Мұғалімдердің жобалық тәсіл туралы түсінігін кеңейту;

- Пәндік оқытуда жобалық әдісті тиімді қолдану жолдарын анықтау;
- Педагогтарды тәжірибе алмасуға және топтық жұмысқа тарту.

Күтілетін нәтиже:

- Мұғалімдердің мектептегі жобалық тәсіл туралы практикалық түсінігі қалыптасады;
- Бірнеше нақты мектепшілік жобалардың жұмысы жанданып, жаңа жобалар идеясы пайда болады;
- Командалық рух және шығармашылық белсенділік артады.

Абай атындағы дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты үшін «Жобалық тәсіл арқылы білім алушылардың білімге құштарлығын арттыру және тұлға ретінде қалыптастыру» тәжірибесінің маңызы ерекше.

Мектептің басты мақсаты – ұлттық құндылықтарға негізделген заманауи білім беруді қамтамасыз ете отырып, озық ойлы, ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуде жобалық тәсіл – оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға, өзіндік ой-пікірін дәлелдеуге, өз идеясын қорғауға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Жобалық оқыту үдерісінде оқушы белсенді субъект ретінде танылады. Ол тек тындаушы емес, өз оқу траекториясын құраушы, зерттеуші, жасампаз тұлға дәрежесіне көтеріледі. Бұл тәсіл мектептің стратегиялық бағыттарымен — тұлғаға бағытталған білім беру мен дарынды балалардың әлеуетін ашу мақсатына толық сәйкес келеді.

Сонымен қатар, жобалық тәсілді қолдану:

- оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады;
- пәндік және метапәндік құзыреттерді дамытады;
- ұжымда жұмыс істеу, уақытты тиімді пайдалану, нәтижеге бағытталу сияқты өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастырады;
- мектептің білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың жетістіктерін жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Осылайша, жобалық тәсіл мектептің даму бағдарламасы мен миссиясын жүзеге асыруда маңызды стратегиялық құрал болып табылады.

Жобалық оқыту үдерісі бойынша бірлестіктер топқа бөлініп, мектепшілік жоба идеясын ойлап табу тапсырылды. Әр топ өз жобаларына таныстырылым жасап, жобаның маңыздылығы, іске асыру барысы, оқушы белсенділігі, іске асыру мүмкіндігі талқыланды.

Сондай-ақ бұл жобалық тәсіл бойынша төмендегідей ұсыныстар көрсетілді.

Ұсыныстар

1. Жобаларды жүйелеу:

- Барлық жобаларды бір инновациялық бағдарламаға біріктіріп, мектептің даму стратегиясына енгізу.
- 2. Өріптестік байланыс:
 - Университеттермен, ғылыми орталықтармен және халықаралық ұйымдармен бірлескен жобаларды дамыту.
- 3. Бағалау жүйесі:
 - Өр жобаның тиімділігін бағалау үшін арнайы индикаторлар мен мониторинг жүйесін енгізу (қатысушылар саны, жетістік деңгейі, оқушының жеке дамуы).
- 4. Тәжірибені тарату:
 - Бұл жобаларды облыстық, республикалық деңгейде семинарлар мен конференциялар арқылы таратып, мектеп тәжірибесін үлгі ретінде ұсыну.
- 5. Ұзақмерзімді тұрақтылық:
 - Өр жобаның 3–5 жылдық даму жоспарын жасап, оның сабақтастығын қамтамасыз ету.
- 6. Жаңа бағыт қосу:
 - «Digital Skills Lab» немесе «STEM Innovation Hub» сияқты заманауи бағыттағы жаңа жобаларды қосып, цифрлық сауаттылық пен технологиялық құзыреттілікті дамыту.

Жобалық тәсіл – білім алушылардың тек пәндік білімін ғана емес, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін тиімді құрал. Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты тәжірибесінде жүзеге асырылған жобалар білім алушылардың білімге құштарлығын арттырып қана қоймай, олардың өмірлік маңызы бар құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері жобалық әдістің практикалық тиімділігін дәлелдеп отыр: оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қызығушылығы артып, шығармашылық белсенділігі мен жауапкершілігі күшейді. Жобалық тәсілдің тиімділігі тек сапалық тұрғыдан емес, сандық деректермен де дәлелденді. Кестелердегі деректер көрсеткендей, оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қызығушылығы мен академиялық жетістіктері тұрақты өсімде. Сипатталып ұсынылған сегіз жобаның жиынтық тәжірибесі – мектептің оқушыны жан-жақты дамытуға бағытталған инновациялық орталық екенін көрсетеді. Сондықтан жобалық тәсілді жүйелі қолдану – заманауи мектептің стратегиялық бағыты. Ол оқушылардың білімге деген ішкі мотивациясын күшейтеді, тұлға ретінде жан-жақты дамуына жағдай жасайды және еліміздің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл тәсіл тек дарынды балалар мектебі үшін ғана емес, жалпы білім беру мектептері үшін үлгілік модель ретінде ұсыныла алады.

4. Цифрлық сауаттылық пен технологиялық құзыреттілікті дамыту «Digital Skills Lab»

Мақсатты:

- Мұғалімдерді цифрлық құралдар мен платформаларды кәсіби қызметінде тиімді пайдалану жолдарына үйрету;
- Жасанды интеллект технологияларының (ChatGPT, Copilot, Canva AI, т.б.) мүмкіндіктерін сабақ дайындауда және оқытуда қолдану қабілеттерін дамыту;
- Білім беру процесінде дербес оқыту, деректерді талдау және оқушылардың жетістіктерін бағалауда цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған құзыреттіліктерді жетілдіру;
- Педагогтарды инновациялық ойлауға, заманауи цифрлық мәдениет пен этиканы сақтауға тәрбиелеу.

**Педагогтардың цифрлық құзыреттілігін
арттыру жоспары**

Педагог аты-жөні	Өткізу уақыты	ЖИ аты
Болатов Б.Ж	Қыркүйек	Canva
Сағатай А.А	Қазан	Magicschool, bamboozie
Айдарханов А.Н.	Қараша	Duolingo Max Speak A
Шарипов А.Б.	Желтоқсан	Learningapps Wordwall
Муратов М.Б.	Қаңтар	Gemini
Темірбек И.Т	Ақпан	educaplay
Назибек М.Е.	Сәуір	Claude Ai
Караманова Г.М.	Мамыр	Mozaik Education Bambooze

5. Мектеп директоры Курмашева Анаргүль Назымбековна педагогтардың құқықтары мен міндеттерін қорғайтын, кәсіби қызметіне жағдай жасайтын «Педагог мәртебесі туралы» Заңның негізгі баптарына тоқталып өтті. Заңның негізгі баптарына шолу жасай отырып, заң талаптарының орындалуы – педагог қызметкерлердің кәсіби дамуына, құқықтық қорғалуына және еңбегінің бағалануына тікелей әсер ететінін атап өтті.

Педагогтар өз пікірлерінде мектеп әкімшілігі тарапынан қолдау бар екенін, жүктеме заңға сай бөлініп отырғанын айтты. Артық жұмысқа тартылмау, кәсіби еркіндік, әдістемелік көмек, марапаттау жүйесі – заң талаптарының орындалу көрсеткіші екені айтылды.

6. I тоқсан бойынша оқушылардың байқаулар мен олимпиадалардағы нәтижелері

Президенттік олимпиадаға қатысушылар «Алтын белгі», Үздік аттестат үміткерлері және жаратылыстану – математикалық пәндерден үздік оқушылар.

Мектепшілік кезеңге қатысқан оқушылар саны - 7.

11А сыныбынан – Алдыкова Айна, Жақсылық Даяна, Амангелді Мерей, Аманжол Аяжан;

11Ә сыныбынан – Саркен Айғаным, Унбет Гулназ

Облыстық кезеңге қатысқан оқушылар саны - 4. Саркен Айғаным, Унбет Гүлназ, Алдыкова Айна, Жақсылық Даяна

Облыстық кезеңде: II орын – Унбет Гулназ 11Ә; 2 – турдан 36 ұпай жинады. Эссе 10 ұпай.

Республикалық деңгейге өтпеді.

Пән мұғалімдері: Назибек М.Е., Куспекова К.М., Маженова А.А., Сағатай А.А.

Тиімділігі: 25%

Жас тарихшылар байқауы “Менің шағын отаным”

Мектепшілік кезеңге Қатысқан оқушылар саны - 9. 9 сыныптан – 2 оқушы, 10 сыныптан – 7 оқушы

Номинациялар:

1. Менің өлкемнің символдары» номинациясы
2. «Менің өлкемнің тарихы мен мұрасы» номинациясы
3. «Жасампаздар: менің өлкемнің тұлғалары мен батырлары» номинациясы
4. «Ертеңгі менің өлкем: болашақ жобасы» номинациясы

1 кезең: Smart.daryn арқылы тестілеу

1	Айтқожа	Ерасыл	6
2	Аскерова	Салтанат	24
3	Базарқұл	Мадияна	22
4	Қабакбай	Ұлжан	21
5	Ережепов	Санжар	17
6	Дүйсенбек	Акерке	16
7	Амандыққызы	Летжан	12
8	Имантай	Жансулу	10

Облыстық тестілеу нәтижесі:

Аскерова Салтанат – 19 балл

Ережепов Санжар – 17 балл

Базарқұл Мадияна – 11 балл

Қабакбай Ұлжан – 8 балл

Облыстық кезеңде:

I орын – Аскерова Салтанат;

I орын – Ережепов Санжар;

II орын – Қабакбай Ұлжан;

III орын – Базарқұл Мадияна.

Пән мұғалімдері: Әдей Ж., Темірбек И.Т. Тиімділігі: 100%

«Ақберен» байқауы

Қатысқан оқушылар саны - 15.

1. Шешендік, білгірлік сайысы
2. Көркемсөз оқу
3. Эссе
4. Ұлттық аспапта өнер
5. Ақындар мүшәйрасы
6. Ақындар айтысы

Қатысқан оқушылар саны - 6.

Ғалым Марғұлан – 8А, Жаналы Самат – 9Ә, Ермурат Айниса 10А, Арын Нұрсауле 10А,
Имантай Жансұлу – 10Ә, Дүйсенбек Акерке – 10Ә

Облыстық кезеңде:

II орын – Ғалым Марғұлан «Ақындар айтысы» номинациясы

III орын – Жаналы Самат «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы

III орын – Дүйсенбек Акерке «Шешендік, білгірлік сайысы» номинациясы

III орын – Арын Нұрсауле «Эссе жазу» номинациясы

Пән мұғалімдері: Ахат А.Д., Оңғарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б., Муратов М.Б., Жасқайратұлы Ж., Нургалиев Қ.Н. **Тиімділігі:** 66,6%

Ғылыми жобалар байқауы

Облыстық кезеңге 35 жобамен, 40 оқушы іріктеуге қатысты. Облыстық кезеңге өткен оқушылар саны – 22 жобамен, 25 оқушы Оның ішінде ЖМБ бағыты бойынша: 11, ҚҒБ бағыты бойынша: 11; Мерзімі: 4-5 қараша СТК колледжі, Көкшетау қ

7. Ата - ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Кайржанова М.Н. –тәрбие ісінің орынбасары

«Бала қауіпсіздігі ата-ана, педагог, әрбір ересек адам үшін басымдыққа ие болуы тиіс. Баламен ашық диалог құру, оның өміріне ұдайы қатысып отыру, цифрлық құрылғыларды бақылау және баламен қауіпсіздік тақырыбында әңгімелесу – бұл проблемалардың алдын алуға көмектесетін негізгі қадамдар. Ата-аналардың міндеті тек баланың жүріс-тұрысын бақылап қана қоймай, сонымен қатар өз баласымен оны әрқашан тыңдауға және көмектесуге дайын екенін білдіретін сенімді қарым-қатынас қалыптастыру. Мектептегі ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес бала қауіпсіздігі үшін ата-ана мен мектеп ынтымақтастықта жұмыс жасау керек, ата-аналар өздерінің өнегелі өмірімен, үлгілі іс-әрекетімен тек өз балаларына тәлім-тәрбие беріп қана қоймай, мектеп өміріне де белсене араласып, ынтымақты қарым-қатынаста болады.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылынан бастап жеке қауіпсіздік сабақтары енгізіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысымен Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз етудің 2023 -2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, ол балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтиды. Осы жоспар аясында жеке қауіпсіздік сабақтары әр дүйсенбі күні өткізіледі.

Сабақтардың мақсаты – оқушылар мен тәрбиеленушілер де әртүрлі жағдайларда олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру, ықтимал қауіптерді тану және оларға дұрыс жауап беру қабілетін дамыту.

Сабақтардың міндеттері:

- жеке қауіпсіздікті қорғау шаралары туралы хабардарлықты арттыру;
- оқушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту;
- жауапты мінез-құлық қалыптастыру;
- психологиялық дайындық;
- әлеуметтік құзыреттілік;
- ақпараттық қауіпсіздік.

Сабақтар балаларға интернетте өздерін қорғауға ғана емес, сонымен қатар оларды өмірде қауіп-қатерлерден аулақ болуға үйретеді. Сабақтар балада өз мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастырады, эмоционалды жағдайын тұрақтандырады және қауіп төнген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

Әрбір оқушы және ата-ана қауіпсіздік ережесін міндетті түрде білуі керек. Қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау түрі қауіптің алдын алып, жарақат алудан немесе басқа оқыс жағдайлардың алдын алады.

Ұсыныс: Ата-аналар жиналысында ата-аналардың бала өміріндегі, сондай-ақ онлайн кеңістіктегі қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігі туралы айтылу керек. Ата-аналарға қауіп-қатерлерді дер кезінде қалай анықтау және оларды болдырмау үшін қандай шаралар қолдану керектігі туралы қадамдық ұсынымдар берілу тиіс. Олардың ішінде – баланың мінез-құлқын бақылау, әлеуметтік желілердегі белсенділік мониторингі, мектеп ортасындағы құрдастарымен қарым-қатынасы да кіреді.

Жатақханадағы өмір қауіпсіздік

Мектеп жатақханасында балалардың алаңсыз оқуына, қазіргі заманның талаптарына сай қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген.

Жатақханада тәрбиеленушілернің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оқушылар үшін бекітілген ішкі тәртіп ережелері бар. Ең әуелі оқушылардың жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауды үнемі ескертіп отыратындығын атап өтті.

Жатақхана меңгерушісі Сатинсин Дағыстан оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында жүргізіліп жатқан шараларға тоқталды. Атап айтқанда:

- Электр құрылғыларын қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулық берілген;
- Өрт қауіпсіздігі ережелерімен оқушылар таныстырылған;
- Қауіпсіздік бұрыштары мен эвакуациялық жоспарлар ілінген;
- Күнделікті кезекшілік арқылы жатақханада тәртіп пен тазалық бақыланады;
- Оқушыларға тыйым салынған заттарды алып кіруге қатаң шектеу қойылған. Осы нұсқаулықтарды сақтау маңызды.

8. 7-сынып оқушыларының **бейімделу кезеңі** — бұл бастауыш буыннан негізгі мектепке (орта буынға) өту және жаңа мектепке жаңа ортаға келгеннен кейін оқушыларда ортаға үйренісу, психологиялық және оқу тұрғысынан бейімделу үдерісі оқушыларда жүреді. Бұл кезеңде оқушылар жаңа пәндермен, мұғалімдермен, талаптармен және оқу форматымен кездеседі.

Оқушылар арасында өзара қолдауды, ынтымақтастықты және достықты нығайту мақсатында оқушылармен «Біз біргеміз» тренингі өткізілді. Тренинг басынан аяғына дейін бір қалыпта өтті. Тренинг барысында амандасу өтті. Әр жаттығуларда оқушылар мұқият тындап, белсенді қатысып отырды.

Тренинг уақытынды шетте қалған не болмаса қатыспаған оқушылар болған жоқ. Оқушылар бір-бірін тыңдай білді және сыйластықпен қарады.

Тренингтің аяғында шеңбер ішінде бір-біріне жылы лебіздерін айтып, тренинг үшін алғыс айтты.

Оқушылармен оқу мотивациясын және мектепке бейімделу процесін анықтау мақсатында «Лусканова» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнама нәтижесіне келетін болсақ сауалнамаға


7 «А», 7 «Ә» сынып оқушылары түгелімен қатысты. Нәтижесінде 7 «А» сыныбынан Айым Алуа және 7 «Ә» сыныбынан Іңкәр деген оқушылар мектепке үйренісе алмай жүрді. Үйренісе алмай жүрген оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Алуа және Іңкәр қыркүйек айында үйренісе алмай өз мектептеріне кетті. Айым жылдың басында жылап үйге қайтқысы келді, бірақ қазір үйренісіп келеді және бақылауда болады.

1. Оқушылармен пәнге деген қызығушылығын анықтау мақсатында «Резапкин әдісі» өткізілді.

7 «А»

Пәнге деген қызығушылығын анықтау

- сауалнамаға 17-оқушы қатысты
- 7-оқушы физика-математика, 4-оқушы химия-биология,
- 3-оқушы тіл-әдебиет, 2-оқушы тарих, 1-оқушы география пәндеріне қызушылығы анықталды.



7 «Ә»

пәнге деген қызығушылығын анықтау

- сауалнамаға 17-оқушы қатысты
- 7-оқушы физика-математика, 6-оқушы химия-биология,
- 1-оқушы тіл-әдебиет, 1-оқушы тарих, 1-оқушы денешынықтыру пәндеріне қызушылығы анықталды
- 1-оқушының ешқандай пәнге қызығушылығы анықталмады.



Пәнге қызығушылығы жоқ 1 оқушы бақылауға алынып, оқушымен жеке әңгімелесу жүргізілді. Оқушыға қазақ тілінде ойын ашық жеткізу қиын болғандықтан пәндермен қиындықтар болып жатыр, бірақ оқушы талпынып берілген тапсырмаларды барынша жасауға тырысып жүр.

Тарапы:

А. Құрманғали

Хатшы:

А. Бектұрған

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға
арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2025-2026 оқу жылының №2 педагогикалық кеңес отырысының ШЕШІМІ:**

1. I оқу тоқсандағы білім сапасы төмен пәндері бақылауға алынсын.
2. Бір пәннен «3» –ке, «4»-ке шыққан оқушылармен пән мұғалімдері жұмыс жасасын.
3. Үш пәннен «3» –ке және оданда көп қанағаттанарлық бағамен қорытындыға шыққан оқушылардың ата-аналарына пән мұғалімдері педагогикалық консилиум өткізсін.
4. 9-11 сыныптардағы қорытынды аттестаттау оқу пәндерінің тізбесі, нысандары мен өткізу мерзімі бекітілсін.
5. «Алтын белгі», «Үздік аттестатқа үміткер оқушылардың тізімі бекітілсін.
6. Мектептегі жобалар жұмысы жандандырылып, нәтижеге бағытталсын. Жоба аясындағы жұмыстар жүйелі жоспарланып, өткізілсін.
7. I тоқсан бойынша оқушылардың байқаулар мен олимпиадалардағы нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Алдағы уақытта олимпиадалар мен байқауларға мақсатты дайындап, республикалық деңгейге шығарылсын. Олимпиадалық резерв кестесіне сай дайындық күшейтілсін.
8. Әр жобаның 3-5 жылдық даму жоспары жасалынып мониторингі жүргізілсін.
9. Оқу жылының соңында жобалар панорамасы өткізілсін.
10. Педагогтардың цифрлық сауаттылығын және технологиялық құзыреттіліктері, «Digital Skills Lab» немесе «STEM Innovation Hub» жобалар іске асырылсын.
11. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-анамен бірлескен әртүрлі танымдық іс-әрекеттер өткізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Курмашева

А.Бердалиева

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға
арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2025-2026 оқу жылының №2 педагогикалық кеңес отырысының ШЕШІМІ:**

1. I оқу тоқсандағы білім сапасы төмен пәндері бақылауға алынсын.
2. Бір пәннен «3» –ке, «4»-ке шыққан оқушылармен пән мұғалімдері жұмыс жасасын.
3. Үш пәннен «3» –ке және оданда көп қанағаттанарлық бағамен қорытындыға шыққан оқушылардың ата-аналарына пән мұғалімдері педагогикалық консилиум өткізсін.
4. 9-11 сыныптардағы қорытынды аттестаттау оқу пәндерінің тізбесі, нысандары мен өткізу мерзімі бекітілсін.
5. «Алтын белгі», «Үздік аттестатқа үміткер оқушылардың тізімі бекітілсін.
6. Мектептегі жобалар жұмысы жандандырылып, нәтижеге бағытталсын. Жоба аясындағы жұмыстар жүйелі жоспарланып, өткізілсін.
7. I тоқсан бойынша оқушылардың байқаулар мен олимпиадалардағы нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелінсін. Алдағы уақытта олимпиадалар мен байқауларға мақсатты дайындап, республикалық деңгейге шығарылсын. Олимпиадалық резерв кестесіне сай дайындық күшейтілсін.
8. Әр жобаның 3-5 жылдық даму жоспары жасалынып мониторингі жүргізілсін.
9. Оқу жылының соңында жобалар панорамасы өткізілсін.
10. Педагогтардың цифрлық сауаттылығын және технологиялық құзыреттіліктері, «Digital Skills Lab» немесе «STEM Innovation Hub» жобалар іске асырылсын.
11. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата - анамен бірлескен әртүрлі танымдық іс-әрекеттер өткізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:

А.Курмашева

А.Бердалиева

